

**«Ақмола облысы білім басқармасының Қорғалжын ауданы  
бойынша білім бөлімі Сабынды ауылының Үсенов атындағы  
жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік  
мекемесінде бойынша откізілген іс – шаралар есебі  
2022 – 2023 оқу жылы.**

1 тамыздан 30 қыркүйек аралығында мектебімізде республикалық "Мектепке жол" акциясы откізілді. Әлеуметті ақпараттандыру - түсіндіру жұмыстары жүргізілді. Негізігі мақсаты ауыл тұрғындарына "Мектепке жол" акциясы туралы жеткізу. Тамыз айында 0-ден 18 жасқа дейінгі балаларды тіркеу жұмыстары жүргізілді. Соның негізінде аз қамтылған, көп балалы, толық емес отбасылар, мүгедек және жетім балалар тізімін жаңарту үшін комиссия құрылды. Оның құрамына Сабынды ауылдық округі әкімі Хамитжанов М.Б., ата -аналар комитеті төраіымы Никонова Е. және ТЖҰ Галина С.Ж. кірді.

Сабынды ауылының Үсенов атындағы ЖОББ мектебінде оқу жылы басында I – тоқсанында 285 оқушы бар. 2022– 2023 оқу жылы барысында 1 – 11 сынып аралығындағы сынып жетекшілерден әлеуметтік паспорт таратылып, оқушылардың әлеуметтік статусы толтырылды. 2022 – 2023 оқу жылында мектебімізде:

аз қамтылған отбасы - 1, мектепте – 2 бала

толық емес отбасы – 21, мектепте – 29 бала

мүгедек балалар - 1 (Рамазан Шапағат – 7а сынып)

көп балалы отбасы - 44, мектепте – 109 бала

1 қыркүектен бастап көп балалы, аз қамтылған, толық емес отбасыларға берілген әлеуметтік көмектің есебі жиналып, білім бөліміне тапсырылды. Сынып жетекшілерге сыныптың әлеуметтік паспорты таратылып, ақпараттар толтырылды. Соған сәйкес, көп балалы, аз қамтылған, толық емес отбасылардың тізімі құрылды. Күнделікті білім бөліміне есептер тапсырылып отырды. Барлық құжаттарды номенклатураға сәйкестендірілді. Қамқоршылық кеңес мүшелері және асхана комиссия мүшелері жаңартылды. Жыл басынан тамақтанудың екі отырысы откізілді. Оқушылардан тамақтың сапалылығы бойынша сауалнамалар алынып отырады. Қазіргі таңда оқушының жеке әлеуметтік картасы жеке-жеке толтырылып жатыр.

Мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Галина Сарқыт Жаксылыковна мен мектеп психологы Мыңжасарова Жумабике Имадзияновна және мектептің әлеуметтік педагогы Ергалиева айзада Шакеновна бірлесе отырып жағдайы төмен, аз қамтылған отбасылардың әлеуметтік тұрмыстық үй жағдайы бақыланып АКТ толтырылды.

26-27 қазан аралығында Көкшетау қаласында откен облыстық «Мен елімнің ертеңімін» атты облыстық форумына мектебіміздің Президенті Қайыржанов Санжар катысып, сертификат алды.



27 қазан аудандық «Оқушылардың дебаттық қозғалысы» атты байқауына мектебіміздің 11 сынып оқушылары Серік Ақмөр мен Нұргалиева Назерке қатысып, «Бас жүлден» иеленіп, облыстық жарысқа жолдама алғып, облыстық кезеңнен сертификатпен марапатталды.

«Менің шағын отаным» атты V респубикалық зияткерлік байқауының аудандық кезеңіне мектебіміздің 10 сынып оқушысы Шәкенұлы Мирас «Менің тұган өлкем» номинациясы бойынша 2 орынға ие болса, Еркимбаев Асет «Менің кіші Отанымның тарихы» номинациясы бойынша қатысып 1 орынға ие болып облыстық байқауга жолдама алды. Облыстық кезеңіне қатысып жүлделі 2 орынға ие болып, ауданымыздың мерейін үстем етті. Жетекшісі тарих пәнінің мұғалімі Қабдырашов Б.Ж.



Аудандық, облыстық жарыстарға оқушыларымыз белсене қатысып, жүлделі орындарға иеленді. Атап айтсақ, Аудандық «Жас тарихшылар» бағдарламасына сәйкес «Менің кіші Отаным» сайзына мектебіміздің 10 сынып оқушысы Шәкен Мирас «Менің ауылымның тарихы» атты эссе жазу сайзына қатысып, жүлделі екінші орынға иеленсе, Еркимбаев Асет «Менің кіші Отанымның тарихы» атты сайыста жүлделі бірінші орынға ие болып, облыстық кезеңге жолдама алғып, облыстық кезеңнен екінші орынға ие болып, ауданымыздыңabyрайын асқақтатты. Жетекшілері тарих пәнінің мұғалімі Қабдрашов Б.Ж.



«Бала би» атты аудандық шешендік өнер сайзына 7 сынып оқушылары Аллаберген Алиша мен Нұрсейіт Айқын қатысып, жүлделі бірінші орынға ие болып, облыстық кезеңнен сертификаттармен марапатталды. Жетекшісі қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Абееева Қ.Х.

Аудандық КТК сайзына мектебіміздің «Болашақ Вайп» командасы қатысып, жүлделі бірінші орынға ие болды. Жетекшілері Абзелов Қ.Қ., Мыңжасарова Ж.И., Ергалиева А.Ш.



«Жас автор» атты аудандық шығармашылық байқауына қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Қ.Х. Абееваның жетекшілігімен Аллаберген Алиша, Оралбай Дінмұхаммед және Ермек Жадыра атты окушылар белсен қатысып, жүлделі орындарға иеленді.

«Жас тарихшылар» атты аудандық сайзына мектебіміздің 9 сынып окушысы Алимұса Алина қатысып, жүлделі бірінші орынға иelenіп, облыстық кезеңде сертификатпен марапатталды. Жетекшісі тарих пәнінің мұғалімі Мұқашев А.А.



Спорттық жетістіктеріміз де жетерлік. Аудандық баскетбол ойынынан өткізілген жарыста мектебіміздің баскетбол командасы қатысып жүлделі 1 орынға ие болды. Жетекшісі дене шынықтыру пәнінің мұғалімі Попов В.В.

Шахмат жарысына мектебіміздің окушылары қатысып, жүлделі 1 орынға иelenіп, облыстық кезеңде грамоталармен марапатталды.



«Зорлық зомбылаққа жол бермейік» акциясы аясында мектебіміздің 7-11 сынып оқушыларының қатысуымен мектеп психологы мен әлеументтік педагог ұйымдастырымен, ауылымыздың участелік инспекторы А.А. Смаголовтың қатысуымен шкышыларға дәріс оқылып, түсіндірме жұмыстары жүргізілді.



1 қыркүйек күні Білім күніне арналған салтанатты жын сағат 10.00 де басталды. «Білімге ұмтылу, еңбексүйгіштік және отаншылдық» сыннып сағаты 1-11 сынып оқушыларының және ата-аналарының қатысуларымен өтті.



1 қыркүйектен бастап 6 қыркүйек аралығында жол көліктерінің қауіпсіздігін алдын – алу мақсатында «Абайландар, балалар!» атты республикалық акциясы ұйымдастырылды. 1-11 сыныптар арасында сыннып жетекшілерінің жауапкершілігімен сыннып сағаттары өткізілді.




1 қыркүйек 9-11 сынып оқушыларына «Қазақстандағы есіркіге қарсы күрес» және «Жол ережесін есте сақта» атты дәрісін полиция инспекторы Самагулов А.М. оқыды.



Қорғалжын ауданында өткен аудандық «Жастар» спартакиадасына мектебіміздің 5-6 сынып оқушыларынан құрылған футбол командасы қатысып, жүлделі 3 орынды иеленді.



Мектебіміздің 9-11 сынып оқушыларынан құралған ұлдар командасы аудандық «Былғары доп» жарысына қатысып, жүлделі 1 орыға ие болып, облыстық кезеңге жолдама алды. Облыстық кезкінде 3 орынды қанжығаларына байладап, ауданымыздың мәртебесін биіктетті.



Қыркүйектің 16-жүлдөзында Ақмола облысы Қорғалжын ауданы Сабынды ауылы Үсенов атындағы Сабынды жалпы орта білім беретін мектебінде қазақтың біртуар азаматы, ақын, қазақ тіл білімінің негізін салушы ғалым, аудармашы, қоғам қайраткері Ахмет Байтұрсынұлының 150 жылдық мерейтойына арналған аудандық семинар болып өтті. Аталған іс-шараға аудандық білім бөлімінің әдіскерлері, ішкі саясат бөлімінің өкілдері, оқу-тәрбие ісінің менгерушілері қатысты. Мақсаты - Ахмет Байтұрсынұлының мұрасын насхаттау.



Семинардың бірінші бөлімінде тіл мамандарының ұйымдастыруымен, жоғары сыйнып оқушыларының белсенді қатысуымен "Ұлттың ұлы ұстазы" тақырыбында гылыми - танымдық конференция орын алды. Ұйымдастырып өткізген қазақ тілі мен әдебиетінің мұғалімі Абеева Құралай Хамитовна.

Бір басында сан-салалы өнер тоғысқан телегей теңіз энциклопедиялық білім иесі, қайшылығы мол тартысты ғұмырында қараңғы қазақ елін жарқын болашаққа бастаудан асқан бақыт жоқ деп білген ірі тұлға, халықтың рухани көсемінің еңбек жолы рет-ретімен баяндалды.



Игі іс-шара Ахмет Байтұрсынұлының: "Мойындағы борышты білу-білім ісі, борышты төлеу - адамшылық ісі" деген сөздерімен өз жұмысын аяқтады.

Екінші бөлімде "Духовный лидер казахского народа" аттын интеллектуалды ойынын орыс тілі мен әдебиеті мұғалімі Г.А. Аманжолова ұйымдастырып, өткізді. Ойын барысында оқушылар "Алаш" және "Казах" атты екі топқа бөлініп, көптеген сұрақтарға жауап беру арқылы өз білімдерін көрсетті.



Қорыта келе Ахмет Байтұрсынұлының 150 жылдығына арналған аудандық семинар биік дәрежеде өтті.

5- ші қыркүйектен 16 – қыркүйек аралығында Қазақстан халқының тілдері күні мерекесіне орай өткен онқундік барысындағы іс-шаралар туралы қорытынды ақпараттық есебі.

Онқундік аталған мектепте 2022 жылдың 5-16 қыркүйек аралығында болып өтті. Онқундік барысында тіл-әдебиеті пәні бірлестігі мұғалімдерімен қатар мектептегі басқа да бірлестік мұғалімдері, кітапханаши сыныптан тыс жұмыс түрлерін көрсетті.

Онқундік ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлының 150 жылдығына орай өтті. Онқундіктің ашылу салтанатына орай салтүзөу болды. Оны ұйымдастырып өткізген Смагулова А.Ә мен Аманбаева А.Н 5-11 сынып жетекшілері «Білімнің атасы Ахмет Байтұрсынұлы» атты тәрбиелік мәні бар сынып сагаттарын өткізді. Едіге Е.К 7-сынып оқушыларымен «Ахмет оқулары» челленджін ұйымдастырыды.




Сатанова А.Д мен қазақ тілі пәні мұғалімі пәні мұғалімі Бейсенбаева А.С өзге ұлт өкілдерінің арасында «Мениң таңдауым-мемлекеттік тіл» атты өлең оқу байқауын өткізіп, жеңімпаздарды марапаттады. Орыс тілі пәнінің мұғалімі Аманжолова Г.А «Ахмет Байтұрсынов халық ұстазы» атты интелектуалдық ойынсабағын 7-8 орыс сыныптарының арасында өткізді.

Тіл мамандары «Ұлт ұстазы – Ахмет Байтұрсынұлының өмірі мен шығармашылығы» тақырыбында аудандық семинар өткізіп, жогары бағасын алды. Сонымен қатар, тіл мамандары диктант, эссе жазу шығармашылық байқауларын өткізді. Кітапханаши Бейсенбаева С.Қ «Тіл мәртебесі -ел мәртебесі» атты суреттер көрмесін ұйымдастырыды.

Соңынан онқундік қорытындысы шығарылып, белсенділік пен танымдық, жауапкершілік танытқан оқушылар мен сыныптар марапатталды.

Аталмыш мектебімізде 19 қыркүйек пен 23 қыркүйек аралығында Мұхтар Әуезовтың 125 жылдығына орай жоспар құрылып, іс-шаралар жоспарға сай өтті.

«Дүниежүзілік ЖИТС пен күрес күні» қарсаңында мектеп медбикесі мен психологтың ұйымдастыруымен 7-10 сынып оқушыларына дәріс оқылып, ЖИТС жайлы толық мәлімет берілді.



«1 декабря – всемирный день борьбы со СПИДом» атты ашық сынып сағаты 6 – 8 сынып оқушыларының арасында орыс тілі мен әдебиеті мұғалімі А.Н. Аманбаева ұйымдастыруымен өтті.



«Дүниежүзілік ЖИТС пен күрес күні» қарсаңында 5-8 сынып оқушыларының арасында мектепішілік «Асық ату» жарысы ұйымдастырылып, женімпаздар марапатталды. Жетекшісі дене шынықтыру пәнінің мұғалімі Сатанов А.Ж.



«Рухани Жанғыру» бағдарламасына сәкес 1-11 сынып жетекшілерінің ұйымдастыруымен «Шылым шегіндің зияны», «Қазбек бидің 355 жылдығы», «Қамқоршы күні», «Оқушылардың дұрыс тамақтануы», «Масқунемділіктің зияны» атты сынып сағаттары өткізілді.




Аталмыш мектебімізде Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне орай іс шаралар жоспары құрылып, іс шаралар жоспарға сай өткізілді.

12-15 желтоқсан арлығында 1-11 сынып оқушыларының қатысуымен «Қазақстан Тәуелсіздігі таңы» атты тәрбие сағаттарын сынып жетекшілері үйымдастырып өткізді.



«Тәуелсіздік – жоқ байлығым» атты кітап көрмесін мектебіміздің кітапханашысы Бейсенбаева С.К. үйымдастырды.

«Тәуелсіз елім Қазақстан» атты қолөнер көрмесін көркем еңбек пәнінің мұғалімдері Алпысбаев Е.Е. және Муканова А.Х. үйымдастырды.




5-11 сынып оқушыларының қатысусымен «Тәуелсіздігім – мақтанышым» атты эссе жазу байқауы өтті. Байқау соңынан жеңімпаздар марапатталды.

14 желтоқсан күні 5-8 сынып оқушыларының қатысусымен «Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күні» атты дөңгелек үстел ұйымдастырылып өтті. Дөңгелек үстел барысында оқушылар ҚР Тәуелсіздігі жайлы мәліметтер ала отырып, өз ойларымен де бөлісті. Ұйымдастырып өткізген 8 сынып жетекшілері Омарова С.Қ., Акимова Ж.Қ. және 7 сынып жетекшісі Аманжолова Г.А.



Тәуелсіздік күніне орай 9 -11 сынып оқушыларынан командалар арасында баскетболдан жарыс ұйымдастырылды. Нәтижесінде 10 сынып оқушыларынан құралған команда 1 орынды иеленсе, 2 орынды 11 сынып , 3 орынды 9 сынып оқушылары қанжығаларына байлады.



15 желтоқсан күні «Қазақ жастары патриот» атты мектепішілік дебаттық турнирі өтті. Турнир барысында қатысушылар өз ойларын ортаға салып, пікірлерін айтты.

III тоқсан бойынша Сабынды ауылының Үсенов атындағы жалпы орта білім беретін мектебінде «Рухани жаңғыру» бағдарламасы бойынша іс - шаралар өткізді.

Аудандық іс-шараларға қатысып, жүлделі орындарға ие болдық. Атап айтсақ «Абай оқулары» атты аудандық байқауында мектебіміздің 8 сынып оқушылары Боранбай Кәусәр мен Кулибаева Гүлдана жүлдері 1 орынға ие болды. «Ілияс Жансұгіров оқулары» байқауына мектебіміздің 8 сынып оқушысы Сагындыкова Аруана қатысып, жүлделі 1 орынды қанжыгасына байлады. Жетекшілері Смагулова Айгүл Умирзаковна.



Аталмыш мектебімізде 13 ақпан мен 17 ақпан аралығында Ауган Республикасынан Кеңес әскерінің шыгарылуының 34 жылдығына орай мектеп бойынша жоспар құрылып, іс-шаралар сол жоспар бойынша жұмыстар атқарылды.

Мақсаты: Ауган оқиғасының тарихи мәғынасын ашып, оқушыларға түсіндіру.

13-17.02 аралығында Ауган Республикасынан Кеңес әскерінің шыгарылуының 34 жылдығына орай 1-10 сынып оқушыларының қатысуымен ашық тәрбие сағаттары үйымдастырылды.

17.02.2023 жылы “Ел батыры – ел аузында” мәнерлеп оқу сайысы 5-11 сынып оқушыларының қатысуымен өтті. Ұйымдастырған қазақ тілі мен әдебиет мұғалімдері.

16 ақпан күні тарих пәнінің мұғалімдері Б.Ж.Қабдрашев пен А.А.Мұқашевтың ұйымдастыруымен 6 сынып оқушыларының қатысуымен үстел «Ауганыстан ақиқаты» атты дөңгелек үстел өткізілді.



«Ауганыстандағы 1979-1989 соғыс жылдары» кітап көрмесі мектеп кітапханашысы Бейсенбаева С.К. ұйымдастырды.

Сурет пәнінің мұғалімі Е.Ж.Ивалиевтің ұйымдастыруымен “Ел батыры – ел аузында” атты сурет көрмесі ұйымдастырды.


Ауган Республикасынан Кеңес әскерінің шыгарылуының 34 жылдығына орай өткізілетін «Шаңғы шақырады» фестивалі 15.02.2023 жылы 15сағ.00мин-та дене шынқтыру пәнінің мұғалімдері ұйымдастырып өткізді.

Қорыта келе Ауган Республикасынан Кеңес әскерінің шыгарылуының 34 жылдығына орай өткізілген іс – шаралар жоспар бойынша өтіп, алдымызға қойған мақсатымызға жеттік деген ойдамы.

Ұлы тұлға, аса көрнекті ғалым, металлург, мемлекет қайраткері, жерлесіміз Әнуарбек Үсеновтың есімі берілген аталмыш мектебімізде 14 ақпан тұган күніне орай 6-14 ақпан аралығында жоспар бойынша ұйымдастырылып өткізілді.

**Мақсаты:** Ұлы тұлға – Әнурбек Үсенов туралы жан – жанқты түсінік қалыптастырып, кеменгер тұлғаның мемлекетке және халқына сінірген еңбегін ұлгі ету.

Ағымдагы жылдың 6 – 14 ақпан аралығында аталмыш мектебімізде Әнурбек Үсеновтың туган күніне орай 1-11 сынып оқушыларының қатысуымен тәрбие сағаттары сынып жетекшілерінің ұйымдастыруларымен өтті.



6-11 ақпан аралығында мектебіміздегі Әнурбек Үсеновтың атындағы мұражайға 2-8 сынып оқушылары саяхат жасап, көптеген мәліметтер алғып, білімдерін толықтырды. Жауапты тұлғалар: тарих пәнінің мұгалімдері Қабдыраш Б.Ж. және А.А. Мұқашев.



Дене шынықтыру пәнінің мұгалімі М.Б.Шариповтың ұйымдастыруымен 14 ақпан күні 8-10 сынып оқушыларының арасында Әнурбек Үсеновтың туган күніне орай үстел теннисі жарысы өтті. Нәтижесінде женіске жеткен оқышылар марапатталды.

Ә.Үсеновтың 90 – жылдығына арналған «Ардақты ел ағасы ен.....» атты брейн-ринг ойынын 7 сынып жетекшілері Аманжолова Гүлнар Амангелдиновна, Қабдрашов Батыржан Жанатович, Едіге Ермакан Кенжебекұлы ұйымдастырып өткізді. Ойын барысында оқушылар 3 топқа бөлініп сайысты. Ә.Үсеновтың өмірбаянынан толық мәліметтер беріп, өз ойларын толық жеткізді. Женіске жеткен топтарға ұйымдастырушылардың тарапынан тәттілер таратылды.



14 ақпан Әнурбек Үсеновтың туган күніне арналған салтанатты әдеби монтаж (сап түзеу) ұйымдастырылды.




Қорыта келе Әнүарбек Үсеновтың тұған күніне орай өткізілетін іс-шаралар жоспар бойынша өткіzlіп, ұлы тұлға Әнүарбек Үсенов жайлы толық мәлімет берілді.

Аталмыш мектебіміздегі 27.02 – 03.03 аралығында алғыс айту күніне орай «Алғысым шексіз» атты апталыққа жоспар құрылдып, іс – шаралар жоспарға сай өтті.

1 – 11 сынып оқушыларының қатысуымен «Алғыс айту күні» атты тәрбие сағаттары ұйымдастырылды.



«Ашық хат» атты сайыс 1-4 сыныптар арасында ұйымдастырылды. Жауапты 3 «А» сынып жетекшісі Турина Р.Р. және 3 «Ә» сынып жетекшісі Шарипова А.Е.



1 наурыз 9сағ.35мин. ТЖҰ Галина С.Ж. және 6 «А» сынып жетекшісі А.А.Мұқашев пен 6 «Б» сынып жетекшісі В.В.Поповтың ұйымдастыруымен Алғыс айту күніне орай әдеби монтаж (сап түзеу) өткіzlіді.

7-10 сынып оқушыларының арасында «Қазақстан – мейірім мекені» атты бейне презентациялар байқауы ұйымдастырылды. Жеңімпаздар марарапатталды.

Мектеп кітапханашысы Бейсенбаева С.К. «Қазақ еліне тағзым» кітап көрмесі ұйымдастырылды.

Қорыта келе «Алғысым шексіз» атты апталыққа жоспар бойынша өтіп, алдымызға қойған мақсатымызға жеттік деп есептеймін

8 наурыз - Гүл мереке, Күн мерекесі. Бұл күн тамаша мереке, көктем мерекесі, табиғаттың оянатын мезгілі. Ең жылды сезімдер – қайырымдылық пен кішіпейілділік, үміт пен сенім, махабbat пен адалдық бірігеді. Осы тамаша күнге орай аталмыш мектебіміздегі жоспар құрылдып, жоспарға сай іс-шаралар ұйымдастырылдып, өткіzlіді.

#### Мақсаты:

- 8 - наурыз аналар мен қыздар мерекесін атап өту. Отбасының берекесі, бүкіл адамзаттың өмірі, өмір гүлі аналарды, нәзік жанды қыздарды сыйлауга үйрету;
- Қыздарды әсемдікке, іскерлікке баулу;
- Аналарына деген балалық махабbatқа, ер балаларды қызы балага деген қамқорлыққа, сыйластыққа тәрбиелеу.

02.03 - 10.03 «8 наурыз – Халықаралық әйелдер күніне» орай сынып сағаттары 1-11 сынып оқушыларының арасында өткіzlіді.

5-9 сынып оқушыларының қатысуымен «Қымбатты құрбым», «Дорогая одноклассница» атты құттықтау тілек видеоролигі әзірленді.

«Қызы өссе елдің көркі» атты тренингін 6 наурыз күні мектеп психологы Ж.Мынжасарова 8-10 қыздарының қатысуымен ұйымдастырып өткізді.

07 наурыз 12 сағ. 00 мин. «Арулар – асыл жандар» атта мерекелік концерт 1-4 сынып оқушыларының қатысуымен өтті. ТЖҰ Галина С.Ж. және 2 «А» сынып жетекшілері К.Б.Шарипова, Т.А.Мұқанованың үйымдастыруымен өтті.



07 наурыз 16 сағ. 30 мин. «Арулар – асыл жандар» атта мерекелік концерті ТЖҰ Галина С.Ж. және 10 «А» сынып жетекшісі С.Қ.Бейсенбаевың үйымдастыруымен өтті. Концерт барысында ауыл әкімі Хамитжанов М.Б. мектеп ұстаздарын құттықтап, гүл шоқтарын тарту етті. Сонынан мектеп директоры Абеев С.Е. құттықтау сөзben жалғастырды. Оқушылар мектеп ұстаздарын құттықтау ретінде өз өнерлерін көрсетті.



06 наурыз 15сағ.30мин. 8-11 сынып оқушы қыздар арасында «Бес асық» жарысын дene шынықтыру пәнінің мұғалімі З.Р. Халабаева және А.Ж.Сатановтың жетекшілігімен өткізілді.

Қорыта келгенде «8 наурыз – Халықаралық әйелдер күніне» орай үйымдастырылған іс-шаралар жоспар бойынша өтіп, алдымызға қойған мақсатымызға жеттік деп есептеймін.

Наурыз мейрамына арналған «Ұлыстың Ұлы күні - Наурыз!» атты мерекелік іс-шаралар жоспары құрылып, соған сай өткізілді.


Мақсаты: Қазақтың мейрамдары - Наурыз мейрамы туралы оқушыларға түсінік беру; ұлтжандылыққа, дәстүрлерді қастерлей білуге тәрбиелеу; үйымшылдылыққа, өнерге баулу;

13.03-17.03 аралығында Ұлттық киім апталығы өтті. Неделя национальной одежды . Ұлттық киімімізді насихаттау ретінде мұғалімдер ұлттық киім киіп жүрді.

«Наурыз – көктем мейрамы» қолөнер көрмесі 13.03-17.03 аралығында Алпысбаев Е.Е. және А.Х. Мұқанованың үйымдастыруымен өтті.

«Ұлыстың Ұлы күні - Наурыз» атты сурет көрмесі 13.03-17.03 аралығында Е.Ж. Ивалиев үйымдастырды.


16.03.2022 «Көрісу күні – ынтымақ пен берекенің бастауы» Наурыз мерекесіне арналған іс – шаралар 1 – 4 сынып оқушыларының қатысуымен үйымдастырылды. Жауапты 4 «А, Б» сынып жетекшілері Ж.Ашикова, К. Накупова болды.



17.03.2022 «Көрісу күні – ынтымақ пен берекенің бастауы» Наурыз мерекесіне арналған іс – шаралар 5 – 8 оқушыларының қатысуымен ұйымдастырылды. 5 «А,Ә,Б» сынып жетекшілері М.Галина, А.Муканова және А.Сатаанованаң ұйымдастыруларымен өтті.



18.03.2022 «Көрісу күні – ынтымақ пен берекенің бастауы» Наурыз мерекесіне арналған іс – шаралар 9-11 оқушыларының қатысуымен ұйымдастырылды. 9 «А,Б,Ә» сынып жетекшілері А.Смагулова, Аманбаева А.Н., Бейсенбаева А.С жетекшілігімен ұйымдастырылды.



Қорыта келе Наурыз мейрамына арналған «Наурыз – берекем, Наурыз – мерекем!» атты мерекелік іс-шаралар жоспарға сай өткізіліп, алдымызға қойған мақсатарымызға жеттік деп есептеймін.

2022-2023 оқу жылының «Рухани жаңғыру» бағдарламасының аясында бойынша құрылған жоспар толығымен орындалып, алдымызға қойған мақсатымызға жеттік деп есептеймін.

Жауапты:  Галина С.Ж.